

## 2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық бюджет туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 22-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 4465 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 921 914,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 332 191,3 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 9 717,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 9 268 мың теңге;

трансферттер түсімі – 2 570 737 мың теңге;

2) шығындар – 2 933 386,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 51 155,6 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 75 757,3 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 24 601,7 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -62 627,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 62 627,8 мың теңге:

қарыздар түсімі - 75 757 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 24 601,7 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 11 472,5 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 29.11.2018 № 33-1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгілесін:

облыстық мәслихат белгілеген 100% өлшемге кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген 84% өлшемге кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

жеке және заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер мүлкіне салық;

жер салығы;

бірыңғай жер салығы;

көлік құралдарына салық;

тіркелген салық;

мыналарға:

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгілесін:

коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер.

4. Аудандық бюджет кірістері мыналар есебінен қалыптастырылатыны белгілесін:

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер.

5. Облыстық бюджеттен 2018 жылға берілетін бюджеттік субвенция 2 238 199 мың теңге сомасында белгіленсін.

6. Әр ауылдық округтердің 2018-2019 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4 және 5 қосымшаларға сәйкесінше бекітілсін.

7. 6 қосымшаға сәйкес 2018 жылға жергілікті бюджеттерді атқару барысында жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтыны белгіленсін.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 7 қосымшаға сәйкесінше бекітілсін.

9. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін.

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық бюджет туралы" Солтүстік Қазақстан

облысының Ақжар аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

10. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен бөлінген келесі бюджеттік кредиттер ескерілсін:

мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын іске асыруға – 75 757 мың теңге.

10-1. 10 қосымшаға сәйкес аудандық бюджет қаржылық жыл басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтарын және республикалық және облыстық бюджеттерден 2017 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) берілген нысаналы трансферттерді қайтару есебінен шығыстар көзделсін.

**Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 13.04.2018 № 26-1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін.

Аталған облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданы әкімдігінің "2018-2020 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық бюджет туралы" Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

12. 2018 жылға 8 қосымшаға сәйкес 2 602 мың теңге сомасын ауданның жергілікті атқарушы органдарының резерві бекітілсін.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 29.11.2018 № 33-1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

13. 2018 жылға арналған жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттердің аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер арасында бөлінуі 9 қосымшаға сәйкесінше бекітілсін.

14. Бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақысын толық мөлшерде төлеу қамтамасыз етілсін.

15. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен белгілесін.

16. Осы шешімнің 15 тармағының күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

17. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ақжар аудандық  
мәслихатының хатшысы

Б.Закенов

А.Хоршат

2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 22-1 Ақжар  
аудандық мәслихатының шешіміне

1 қосымша

## Ақжар ауданының 2018 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 29.11.2018 № 33-1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты		Атауы	Сомасы мың теңге	
Сыныбы				
	Кіші сыныбы			
		1) Кірістер	2921914,1	
1		Салықтық түсімдер	332191,3	
	01	Табыс салығы	8478	
	2	Жеке табыс салығы	8478	
	03	Әлеуметтік салық	143468,3	
	1	Әлеуметтік салық	143468,3	
	04	Меншікке салынатын салықтар	91190,2	
	1	Мүлікке салынатын салықтар	56651,2	
	3	Жер салығы	2810	
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	16026	
	5	Бірыңғай жер салығы	15703	
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	86704,8	
	2	Акциздер	1282	
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	79510	
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5542,8	
	5	Ойын бизнесіне салық	370	
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2350	
	08	1	Мемлекеттік баж	2350
2		Салықтық емес түсімдер	9717,8	
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6096,1	
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3303,5	
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	33,7	
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	2758,9	

02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	170
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	170
0044		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1205,7
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1205,7
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2246
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2246
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9268
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	9268
	1	Жерді сату	9268
4		Трансферттердің түсімдері	2570737
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2570737
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2570737

### Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сомасы мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
		2) Шығындар	2933386,3
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	235533,5
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15464
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15464
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	81856,5
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	78821,5
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	435
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2600
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	100090
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	96144
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3674
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	272

459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	659
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	559
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	100
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11293
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11293
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26171
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25810,7
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360,3
02		Қорғаныс	5916,8
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	5916,8
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3971
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	881,6
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1064,2
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	45,8
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	45,8
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	45,8
04		Білім беру	1993093,7
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1860293,9
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	156335,5
	003	Жалпы білім беру	1658007,4
	006	Балаларға қосымша білім беру	45951
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	46773
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	46773
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	86026,8
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7141
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	31424

	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	5551,2
	023	Әдістемелік жұмыс	8000
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	12555
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	21355,6
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	147840,1
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	12867,2
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	12867,2
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3938,5
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	3938,5
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	131034,4
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	61523
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	8557
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	948,4
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	6208,4
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	23427
	001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20408,6
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	312,3
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	210
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	6439,7
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3000
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10974,5
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	186,1
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	186,1
	472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	867,3
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	440,4
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	426,9

123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4360,1
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	4360,1
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1601
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	1601
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3960
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3694
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	266
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	180048,1
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	23661
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	23661
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	20336
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	20336
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	15757
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8157
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	7600
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	49917,1
	008	Спорт объектілерін дамыту	49917,1
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	39714
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	38986
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	728
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	7785
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7785
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7889
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7889
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	14989
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8264
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6725
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	135884
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	28448,1



	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28248,1
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	81001
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7983
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	862
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	920
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	4483
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	4391
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	59451
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2911
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	9239,9
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8853
	003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	386,9
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	17195
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	17195
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8432,9
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	8432,9
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8432,9
12		Көлік және коммуникация	60057
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	60057
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	22993
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	37064
13		Басқалар	12663
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	8211
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8211
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1850
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1850

	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2602
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	2602
14		Борышқа қызмет көрсету	33,7
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	33,7
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	33,7
15		Трансферттер	142863,2
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	142863,2
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	14,2
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	105433
	038	Субвенциялар	35016
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	2400
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	51155,6
		Бюджеттік кредиттер	75757,3
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	75757,3
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	75757,3
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	75757,3
Санаты			
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	24601,7
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	24601,7
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	24601,7
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-62627,8
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	62627,8
Санаты			
	Сыныбы	Атауы	
	Кіші сыныбы		
7		Қарыздар түсімдері	75757
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	75757
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	75757
Функционалдық топ			

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	
Бағдарлама			
16		Қарыздарды өтеу	24601,7
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24601,7
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	24601,7
Санаты			
Сыныбы		Атауы	
Кіші сыныбы			
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	11472,5
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	11472,5
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	11472,5

2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 22-1 Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар аудандық мәслихаттың шешіміне  
2 қосымша

## Ақжар ауданының 2019 жылға арналған бюджеті

### 1. Табыс

Санаты			Атауы	Сомасы мың теңге
Сыныбы				
	Ішкі сыныбы			
1	2	3	4	5
			ТАБЫС	2615135
1			Салықтық түсімдер	329402
	01		Табыс салығы	1001
		2	Жеке табыс салығы	1001
	03		Әлеуметтік салық	138447
		1	Әлеуметтік салық	138447
	04		Меншікке салынатын салықтар	94768
		1	Мүлікке салынатын салықтар	61358
		3	Жер салығы	5612
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	14073
		5	Бірыңғай жер салығы	13725
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	89521
		2	Акциздер	1632
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	75228

	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11619
	5	Ойын бизнесіне салық	1042
08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5665
	1	Мемлекеттік баж	5665
2		Салықтық емес түсімдер	6469
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3867
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3867
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2602
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2602
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	11000
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	11000
	1	Жерді сату	11000
4		Трансферттердің түсімдері	2268264
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2268264
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2268264

## Ауданының 2019 жылға арналған бюджеті

Функционалдық топ					Сомасы мың тенге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				Шығындар	2615135
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	217473
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	184294
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14527
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14527
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	72609
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	72609
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	97158
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	97158
	2			Қаржылық қызмет	1259
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1259
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	587

		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	672
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	31920
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8349
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8349
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	23571
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23571
02			Қорғаныс	7048
	1		Әскери мұқтаждар	4099
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4099
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4099
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2949
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2949
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1667
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1282
04			Білім беру	1827035
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	154167
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	154167
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	154167
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1605938
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1560185
		003	Жалпы білім беру	1514299
		006	Балаларға қосымша білім беру	45886
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	45753
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	45753
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	66930
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	66930
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7207
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	19936

		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	7371
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	383
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	13268
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	18765
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	90135
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	8945
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	8768
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2275
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	4532
		025	"Өрлеу" жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	1961
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	177
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	177
	2		Әлеуметтік көмек	59178
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	59178
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	21422
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	7654
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	821
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	6492
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	4790
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	17999
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	22012
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	22012
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21763
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	249
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	10811
	2		Коммуналдық шаруашылық	4753

	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4753
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	4753
3		Елді-мекендерді көркейту	6058
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	6058
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3832
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2226
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	127732
1		Мәдениет саласындағы қызмет	43559
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	23432
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	23432
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	20127
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	20127
2		Спорт	13927
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	13927
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8047
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5880
3		Ақпараттық кеңістік	47209
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	39035
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	38301
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	734
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8174
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8174
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	23037
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7908
